

## Сыр өңірі аспаптық дәстүрінің ерекшеліктері

Бір шеті Ақтөбе, Сағыз бен Жем өзені, бір жағы Арқа атырабы мен Торғай даласы, бір қабырғасы Қаратау бойы мен Өзбекстанмен шектесетін Сыр бойы тарихта «Мауреннаһр», «Яксарт», «Сейхун» аттарымен әлемге әйгілі болған. Сақ пен Ғұн, берідегі Түрік қағанаты одан әрі Оғыз, Қыпшақтардан тараған халықтың өнері осы Сыр бойында тамырын тереңге тартыпты. Мыңдаған жылдық даму тарихы бар музыкалық дәстүріміз сан алуан өркениеттер тоғысқан Сыр бойында қордаланып, әбден пісіп жетіліп қазақ деген ұлтымыздың озық үлгілі өнерлерін қалыптастырған. Кез келген өнер немесе өнер туындысы уақыт елегінен өтіп, әбден сұрыпталған маңызы мен мәйегі ғана ұрпақтарына аманатталады. Бұл орайда Сыр бойында сақталған ерекше «феномен» көмей тілді қозғай жырлайтын дәстүрді айтуға болады. Музыкалық мәдениетіміздегі ең көне, ең күрделі өнеріміз жыраулық дәстүр. Кемел өнердің кемеңгері «далалықтардың» барлық бұла өнерін бойына сыйдырған «қасиет» қонған ірі тұлғалар болған. Бір ғана Қорқыт бабамыздан бастайтын болсақ, «Қорқыт ата Оғыз - қыпшақ ортасындағы саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде жол көрсетуші бас тұлға». Ол ел ішіндегі жөн-жоралғыны, салт-дәстүрді қадағалаушы ақылгөй. Халықтың сыртқы жаудан, ішкі даудан аман болуын реттеуші батагөй дана. Дүйім жұрттың көшіп-қонып, мекен-тұрағын, ен-таңбасын, ұран-ұжымын белгілеп отыратын білгір. Мұның бәрін ол қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен емес, көшпелі өмір салт орнықтырған далалық демократиялық билік тұрғысында жүзеге асырып отырған. Дәлірек айтсақ, жарлық түрінде, мәжбүрлеу тұрғысында емес, өмірлік тәжірибені көлденең тарту арқылы өнер мен ғылым деңгейіндегі даналығына төңірегін мойындата білген [1]. Қорқыт заманынан жеткен бұл ғажайып дәстүр қазақ тарихында ақын-жыраулардың өмірі мен шығармашылығында айқын аңғарылды. Өнеріне ғана емес бір халықтың өмір-тіршілігіне, болмыс-бітіміне, салт-дәстүрімен сана-сезіміне де игі әсер ете алған Қорқыт баба шынында да өте ірі тұлға болған. Қорқыт жайында сөз қозғағанда еріксіз есімізге қыл қобыз аспабы келетіні, құлағымызға қыл қобыздың үні естілетіні бар. Қорқытты зерттеген ғалымдардың барлығы дерлік қыл қобызды Қорқыт ойлап тапқан дейді. Адам даусына барынша үндес, барынша ұқсас та жақын аспап - қыл қобыз екені даусыз. Дауысты аспап үніне ұқсату немесе қыл қобызбен адам дауысын салу өте қиын. Әрбір шегінде алпысқа дейін жылқының қылы болатын қыл қобыздың дыбыстарында бірнеше «обертон» болатынын білеміз. Құпиясы мол сырлы үн кімді болса да бейжай қылдырмасы анық. Осы бір тылсым

дыбыстарды табуға талпыну, сол дыбысты дауыспен салу көмеймен жырлауға, көмей тілді қозғауға мәжбүр еткен. Басқаша тәсілмен қобыз үні мен үндесу, қобызға ілесу мүмкін емес [2]. Құпиясы көп қобыздың Қорқыт заманында құдіретке ие болуы Қорқыт қозғаған көмей тілге байланысты болса керек. Адам дауысымен қобыз дыбысын салып онымен үндесу үшін көмей тілді қозғап жырлау арқылы қобызға ілесу мүмкіндігі туады.

Қорқыт атадан жетті дейтін ондаған мақал-мәтелдер бар. «Өтірік сөз өрге баспайды», «Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер», бұл нақыл сөздер бүгінгі күніде өзектілігін жоймаған. Сол сияқты Қорқыттан жеткен бірнеше күйлер бар. Қызылордалық Нышан қобызшы жаздырған Қорқыттың он бір (11) күйін М. Жарқынбеков нотаға түсіріп кітап етіп шығарған. Осы кітаптағы күйлердің ноталары көптеген зерттеушілер мен ғалымдарға, музыка мамандарымен орындаушыларға көп көмегін тигізуде. Әрине «Бұлар Қорқыттың күйлері емес» деген пікірлерде жоқ емес, бірақ күйлердің көнелігі құлаққа ұрып-ақ тұр. Қорқыт күйлерін Сыр бойының мақам-саздарымен, жыр күйлерімен күйлерін салыстыра зерттеуге біздің қажетімізге көп көмегін тигізгені анық.

Сыр бойының музыкалық мұрасын зерттегенде жыраулық дәстүрге соқпай, оны айналып өту әсте мүмкін емес. Жыраулық дәстүрдің кемеліне келіп, шарықтау шегіне жеткен бұл өңірде әншілік, күйшілік дәстүрлер анағұрлым аздау дамығандығын Сыр бойының музыкасын зерттеген ғалымдардың барлығы дерлік теріске шығара қоймас. Қаймағы бұзылмай, біртұтас синкреттік қалыпта болған Сыр бойының музыкалық мұрасы таңды таңға асыра бірнеше күндер бойы жырлайтын жыраулардың бойында сақталған. Бірнеше мың өлең жолдарынан тұратын жыр-дастандарды былай қойғанда мақам-саздар, жыр күйлері мен күйлерді жадында ұмытпай сақтап оны қастерлеп ұрпақтарына аманат етіп тапсыру кез-келген өнерпаздың қолынан келе бермейтін үлкен іс.

Бір тындағанын көкейіне құйып алар құйма құлақ күйшілер Сыр бойында аз болмаған. Жыраулық дәстүрі жақсы дамыған аймақтарда ғана кездесетін жыр күйлерінің дамып, насихатталуына тікелей күйшілердің үлесі зор болған.

Жалпы бұл күндері Сыр бойының өнерін зерттеген адам Т.Тоқжановтың «Сырлы сарын», Б.Жүсіповтың «Жиделі байсын күйлері» атты еңбектеріне соқпай кете алмайды. Сусыз жерде тіршілік болмайтынын ескерсек адамзат жаралғалы Сыр бойы мен Арал теңізінің аймағы тығыз шоғырланған елді-мекен болғандығы күмән туғызбаса керек. Басқасын былай қойғанда оғыздардың астанасы болған «Жанкент» қаласының өзі бүгінгі күнге дейін

толық зерттеліп болмағаны белгілі. Сыр бойында кешегі 1950-60 жылдарға дейін жыр мектептері болған. Өзі домбыра ұстап, жыр жырламасада бір ғана Нұртуған шайырдың жыр мектебінен сусындаған жырау-жыршылар жеткілікті. Міне, осы Нұртуған шайырдың жырау-жыршыларға қоятын қатаң талаптарының бірі аспапты жақсы игеру. Оң қолдың домбыра шанағын қатты ұрмауын қадағалап отырған. Ән мен жырға әуен таңдағанда көптің көңілінен шығатындай әннің әсем болуын талап еткен. Ән мен терме бастамас бұрын кіріспе, яғни музыкалық кіріспе ән бастау, жыр бастауларда құлақ күйлері сияқты, бүгінгі күнгі әнші-күйшілердің елей бермейтін, ұсақ-түйек сияқты көрінетін нәрселерге жіті мән беріп отырған. Сыр елінің музыкалық мәдениетін қарастыра келе біз мынадай тұжырымға тоқтадық. Сыр бойының күйлеріне, жалпы Сыр бойының күйшілік дәстүрінің калыптасуына тікелей жыраулық дәстүрдің әсері болған. Өйткені Сыр бойының кез келген күйлерінен жыр мақамдарына ұқсастық табуға болады. Оған таңдануға да болмас. Бүтіндей бір өңірдің рухани байлығына, рухани көсеміне айналған жырауларға ұсағысы келмейтін өнерпаздар кемде кем болған. Міне сондықтанда кез келген өнер әншілік, күйшілік т.б. жыраулық дәстүрдің аясынан асып кете алмаған. Сыр бойының әндері де, күйлері де жырдың мақам-саздарымен ұқсас, сарындас. Өзге өңірдің тыңдармандары Сыр бойының әндері мен мақам-саздарын ажырата алмасы анық. Бірақ одан әншілік дәстүрде күйшілік дәстүрде ұтыла қойған жоқ. Қайта ешбір жердің дәстүрлеріне ұқсамайтын тек қана Сыр өңірінің әншілік күйшілік дәстүрлері қалыптасты. Сыр бойының көне көз жырау-жыршыларының сөзіне сенсек жыр күйлерін «көне күй, ескі күй, ежелгі күй» деп те атайды екен. Оған себеп, күйдің бүгінгі формасы қалыптасып болмай тұрғанда да осы жыр күйлері болған сияқты.

Көне күйлер мен жыр күйлердің құрылысы, көлемі, диапазондары есімізге еріксіз нотаға түскен Қорқыт күйлерін түсіреді. Нотаға түскен Қорқыт күйлеріне назар салсаңызда көзіңізге алдымен түсетіні күй көлемі. Шағын ғана Қорқыт күйлерінің диапазоны да бір октаваны ғана қамтиды. Орындауы жағынан да аса үлкен шеберлікті қажет етпейді. Соған қарамастан Қорқыт күйлерінің айтары мол, көңілге «түрлі ой салатын» бас-аяғы бүтін аяқталған шығарма. Ал жыр күйлерінің дені домбырада тартылатын болғандықтан қағыстарының біркелкілігі сақтала бермейді. Мәселен күйде көбінесе бір қағыс күй аяғына дейін сақталады. Мысалы: «Балбырауын»,  $p\ n\ n\ n$ , «Аман бол шешем, аман бол»  $p\ n\ n\ n\ n\ n\ n$ , т.б. ал жыр күйлерде ондай заңдылық сақтала бермейді. Екіншіден, біздің қолымыздағы жыр күйлерде Сыр бойының мақам-сазына ұқсастық өте көп. Оны жыр күйі деп те, сыр

мақамы деп те орындауға болатын сияқты. Жыр күйлерінің тағы ерекше тұсы біздің пайымдауымызша адам дауысының жететін жеріне дейін ғана тартылады, яғни диапазоны жететін пернелерге дейін тартылады.

Қолымызда бар материалдарға қарап жыр күйлерімізді талдау жасау барысында алдымен көзге түсетін домбырадағы бас буын, тұрақты дыбыстар ре, ля ноталарында жыр күйдің ырғағын (ритм) қағыстарымен анықтап алады. Бұл бір немесе екі тактіні ғана қамтиды. Сосын негізгі әуен (мелодия) басталады. Ол көбінесе орта буыннан немесе кіші сағадан өрбиді. Осы негізгі мелодия бірнеше рет қайталанып орындалады. Бірақ әр қайталауда әртүрлі қағыстармен көркемделіп, күрделеніп, толықтырылып орындалады. Жыр күйлерге тән тағы бір ерекшеліктері жыр-дастандардағыдан «жыр қайыру» сақталған. Осы соңғы буын «жыр қайыруды» орындаушы бар мүмкіндігін сарқа пайдаланып орындайды. Өйткені ол шығарманың кульминациясына жатады. Сыр бойындағы жыраулық дәстүрде сақталған қос қайырманы еске алсақ, кейбір жыр күйлерде де осы тәрізді «қос қайырма» берік орын алған, яғни, екі рет орындалып аяқталады. Әрине егер «жыр қайыру» екінші рет қайталанса ол бірінші «қайырудан» өзгеше болары анық. Жыр күйлері көлемі жағынан күйлермен салыстырғанда шағындау, дегенмен шығармада (жыр күйде) негізгі әуенді (мелодияны) вариациялау басымырақ сияқты. Әйтсе де жыр күйлері аяқталмаған шығармаларға көбірек ұқсайды.

Сыр өңірінен жиналған бірнеше күйлерге талдау жасап көңілге түйгенімізді ортаға салайық. Аталған өңірдегі күйлердің ең ескі, ең көне түрі біздің ойымызша Шал Мырза атанып кеткен Мырза Тоқтаболатұлының шығармалары сияқты. Шал Мырза күйлерінде үлкен саға ре дыбыстары жоқтың қасы. Кіші сағаның үстіңгі шегінде мелодия дамымайды, яғни кіші сағадағы ля дыбысының үстіндегі дыбыстар қамтылмайды. Шынында да Мырза күйші архаикалық, көне күйшілердің соңғы буын өкілі сияқты. Мырзаның біраз күйлерінде үлкен саға түгіл кіші сағада кездеспейді, мысалы: «Ташауыз», «Қайран елім қайтейін», «Мереке», «Шалқыма» т.б. Есесіне орта буындарды дамытқан, ми, фа, соль дыбыстарының үстіңгі шектегі мелодиясын барынша қамтыған. Мырза күйлері өзге өңірдің күйшілерінен қағыс ерекшеліктерімен, орындауға қиын форшлагтарымен де оқшауланады. Осы уақытқа дейін қазақ күйлерінде өзіміз кездестірмеген септима интервалы яғни, соль шегінде, си дыбысы (сағада) ре шегінде до дыбысы бой көрсетеді. Бұл Мырза күйшінің саусақтары ұзын болған ба деген ойға жетелейді. Қалай десекте саусағы ұзын күйшілердің орындаушылық мүмкіншілігі де мол болатынын айта кеткен жөн. Мырза күйлері формасы жағынан да осы күні қалыптасқан белгілі дәстүрлі күй мектептерінің

қалпынан асып-төгіліп жатады. Мырза күйшінің күйлері көлемі жағынан да мелодиялық тұрғыдан да жыр мақам-саздарымен ұқсас, үндес. Сыр бойында ғана дамыған ерекше феномен жыраулық дәстүр осылайша күйшілік дәстүрге игі әсерін тигізді.

Бұл еңбегімізде бір ғана Мырза күйшінің бірнеше күйіне ғана талдау жасап, өз пайымдауымызды айтып отырмыз. Сыр бойы сияқты абат өлкенің күйшілік дәстүрін зерттеуге бір адамның ғұмыры жете ме? Десекте алдағы өміріміз осы бағытта, осы саланы зерттеуге, игеруге, насихаттауға арналады деп нық сеніммен айта аламыз.

Бір тыңдағанын көкейіне құйып алар құйма құлақ күйшілер Сыр бойында аз болмаған. Жыраулық дәстүрі жақсы дамыған аймақтарда ғана кездесетін жыр күйлерінің дамып, насихатталуына тікелей күйшілердің үлесі зор болған. Сыр бойының күйлеріне, жалпы Сыр бойының күйшілік дәстүрінің калыптасуына тікелей жыраулық дәстүрдің әсері болған. Өйткені Сыр бойының кез келген күйлерінен жыр мақамдарына ұқсастық табуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Астана. Күлтегін, 2002, 252 бет.
2. Т. Тоқжанов. Сырлы сарын. Алматы. 2002, 29 бет.

Г.К. Ниязбаева